

ЖШС «Асия»бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес

№1 хаттамасы

10.09.2024 ж

Қатысқандар:11

Тақырыбы: ”Жаңа оқу жылына дайындық және шаруашылық жұмыстарын ұйымдасстыру”

Күн тәртібі:

- 1.Ғимараттың санитарлық жағдайын тексеру.
- 2.Балабақшаға жеткізілетін азық-түліктің сапасын талдау.
- 3.Жаңа оқу жылына қажетті құрал-жабдықтарды толықтыру.

Тыңдалды.

Балабақша меңгерушісі Г.Тойбол сөз алды.Жаңа оқу жылына дайындық барысында ең басты назар аударатын мәселелердің бірі-ғимараттың санитарлық жағдайы мен балалардың қауіпсіздігі.Санитарлық талаптардың сақталуы-біздің басты міндетіміз.Сонымен қатар,балалардың тамақтану сапасына ерекше көңіл бөлуіміз туралы айтты.Балабақша әдіскері Г.Жамалбекова сөз алды.Жаңа оқу жылына қажетті құралжабдықтар уақытында жеткізілуін,әр топқа қажетті оқу материалдары мен ойыншықтарын толық болуын қамтамасыз ету және бұл балалардың сапалы білім алып,жан-жақты дамуы үшін маңыздылығын түсіндірді.

Медбике Ж.Жамал өз сөзінде,санитарлық жағдай бойынша ғимаратта бірнеше жерге дезинфекциялық құралдар орнату қажет.Әсіресе,асхана мен ойын бөлмелерінде тазалыққа ерекше мән беру керектігін және балалардың денсаулығын сақтау үшін профилактикалық шаралар жиі жүргізілуі керектігін атап өтті.

Үшінші мәселе.Балабақша шаруа меңгерушісі сөз алды.Құрал-Жабдықтар мен жөндеу жұмыстары бойынша барлығын уақытында орындап,бірақ асхана жабдықтарының кейбір бөліктерін ауыстыру қажеттігін айтты.

Келесі мәселе бойынша аспазшы сөз алды. Азық-түлік сапасы жақсы деңгейде,балаларға арналған мәзір талапқа сай екенін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Ғимараттың санитарлық жағдайын жақсарту үшін қосымша тазалақ шаралары жүргізілсін.

2. Азық-түлік жеткізу мәселесі бойынша жаңа жеткізушілермен келісім жасалсын.

3. Қажетті оқу құралдары мен ойыншықтардың жетіспейтін бқліктері екі апта ішінде толықтырылсын.

Төрайымы _____

Хатшы _____



_____ Г.Тойбол

_____ П.Бекбауова

ЖШС «Асия» бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес

№2 хаттамасы

15.10.2024ж

Қатысқандар:16

Тақырыбы: ”Жылы беру маусымына дайындық және қауіпсіздік шаралары”

Күн тәртібінде:

1. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.
2. Жылу жүйелерінің дайындығын тексеру.
3. Қысқы мезгілге қажетті шаруашылық заттарды сатып алу.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Тойбол сөз алды. Алдағы қысқы маусымға дайындық бойынша барлық қауіпсіздік талаптарын орындауымыз керек. Жылу жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуі және өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы – басты назарда. Өр қызметкердің осы талаптарды орындауын қадағалауымыз қажеттігін айтты.

Екінші мәселе . Балабақша әдіскері Г.Жамалбекова сөз алды. Балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру үшін арнайы сабақтар өткізу керектігін , өрт қауіпсіздігі және суықтан сақтану шаралары туралы ақпарат беруді ұсынды.

Үшінші мәселе медбике Ж.Жамал сөз алды:- Қыс мезгілінде балалардың суық тиюін болдырмау үшін жылы киімдермен қамтамасыз етілуін тексеру керек. Сонымен қатар, витаминдер мен профилактикалық дәрілер қорын толықтыруды ұсынып, қысқы маусымда балалардың денсаулығына пайдалы, дәрумендерге бай тағамдар мәзірге қосылатынын мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Жылу жүйелерінің дұрыс жұмыс істеуін шаруа меңгерушісі қадағалансын.
2. Өрт қауіпсіздігі бойынша қызметкерлер мен балаларға арнайы тренинг ұйымдастырылсын.
3. Профилактикалық шаралар үшін қажетті витаминдер қоры толықтырылсын.

Төрайымы

Г.Тойбол

Хатшы

П.Бекбауова



ЖШС «Асия»бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес

№4 хаттамасы

05.04.2025 ж

Қатысқандар:16

Тақырыбы: ”Көктемгі тазалық және қоршаған ортаны жақсарту жұмыстары”

Күн тәртібінде:

1. Балалармен экологиялық тәрбие жұмыстары.
2. Аула мен ғимарат аумағын көгалдандыру.
3. Сенбілік, қоқысты жинау және қайта өңдеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Тойбол сөз алды. Балабақша аумағы балардың қауіпсіздігін мен эстетикалық көрінісі үшін таза және ұқыпты болуы керек. Көктемгі тазалық жұмыстарын сапалы түрде ұйымдастырылу керектігін айтты.

Екінші мәселе.Балабақша әдіскері Г.Жамалбекова сөз алды: Балаларға экологиялық тәрбие беру үшін арнайы іс-шаралар ұйымдастыруды ұсынамын.Оларға қоқысты сұрыптау, ағаш отырғызу сияқты шағын шараларға қатысуға мүмкіндік берейік.

Шаруа меңгерушісі өз сөзінде, сенбілік ұйымдастырылып, ауладағы кейбір ағаштарды кесіп, олардың орнына жаңа көшеттер отырғызу қажеттігін сонымен қатар, қоқыс жәшіктерін жаңарту керектігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

1. Көктемгі тазалық жұмыстарының жоспары жасалып, жауапты қызметкерлер тағайындалсын.
2. Балаларға экологиялық іс –шаралар ұйымдастырылсын.
3. Сенбілік уақыты белгіленіп, қоқыс жәшіктері жаңартылып, ағаш көшеттері отырғызылсын.

Төрайымы _____

Г.Тойбол

Хатшы _____

П.Бекбауова



ЖШС «Асия»бөбекжай-балабақшасының өндірістік кеңес

№5 хаттамасы

15.06.2025 ж

Қатысқандар:16

Тақырыбы: ”Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік және демалыс шаралары”

Күн тәртібінде:

1. Балалардың жазғы демалыс уақытындағы қауіпсіздігі.
2. Ашық аулада ұйымдастырылатын іс-шаралар
3. Балабақша аумағындағы ойын алаңдарын тексеру.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г.Тойбол сөз алды. Жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қадағалау ерекше маңызды. Ойын алаңдар толық тексеріліп, барлық іс-шаралар қауіпсіздік ережелеріне сай ұйымдастырылуы қажеттігі жөнінде айтты.

Екінші мәселе. Балабақша әдіскері Г.Жамалбекова сөз алды. Балалардың жазғы демалысын қызықты әрі пайдалы ету үшін әртүрлі ойындар мен іс-шаралар жоспарлануы керектігін атап өтті.

Үшінші мәселе. Шаруа меңгерушісі сөз алды. Барлық ойын алаңдары тексеріліп, ескірген құрылғылар ауыстырылғанын айтты. Аспазшы өз сөзінде, жазғы уақытта балаларға су жеткілікті берілуі керек. Сондай-ақ мәзірге жеңіл, бірақ нәрлі тағамдар қосатынын мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе өндірістік кеңес қаулы етеді:

- 1.Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.
- 2.Балардың жазғы деамысынаарналған әртүрлі ойындар иен іс-шаралар жопарлансын.

Балабақша маңындағы ойын алаңдарын қатаң тексерілсін.

Төрайымы

Г.Тойбол

Хатшы

П.Бекбауова

